

M.L.Milanov

The New World Order and Sovereignty: Cause and Effect Relationship

The article, which is a part of a course of lectures, is aiming at showing the interaction between sovereignty and the armed humanitarian intervention in the conditions of the new world order. It focuses on the cause and effect relationship, motivation and perspectives of this twofold entity and respective conclusions are drawn up. Regardless of the fact that the notion of sovereignty is thoroughly and exhaustively explored, it undoubtedly needs to be up-dated in the context of the new world order in the light of its intrinsic processes of globalization and integration, which, undeniably, contribute to the reinforcing and deepening of the cooperation among states, thus stimulating the achievement of higher supranational goals.

References

- 1 Alexandrov E. *History of International Relations*, Sofia: Ed. Intela, 2000.
- 2 *Globalization, eurointegration, national state*, Sofia: Ed. Centre for Historical and Political Studies, Foundation «Solidary Society» and Foundation «Jean Jaures», 2004.
- 3 Dougherty J., Pfaltzgraff R. *Theories of International Relations. General Review, Part One*, Sofia: Ed. Atika, 2004.
- 4 Todorov T. *The New World Disorder*, Sofia: Ed. Istok-Zapad (East-West), 2003.
- 5 Duke S. *International Relations XII (2)*, 1994, p. 25–48.
- 6 Annan K. *The Economist*, 1999, 18, September. Available from // <http://www.un.org/Overview/SG/kaecon.htm>

ӘОЖ 94 (574)

Р.С.Каренов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: karenov_r@inbox.ru)

Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін аянбай күрескен Алаш қайраткері Сейітбаттал Мұстафиннің өмірі мен шығармашылық қызметі

Мақалада Алаш партиясының мүшесі, педагог, жазушы Сейітбаттал Мұстафиннің өмірі мен қызметі суреттелген. Әсіресе оның оқыту-педагогикалық қызметіне айрықша назар аударылған. Оның «Абай» журналын шығарудағы рөлі, осы журналда жарияланған мақалаларды талдап қарастырғаны, сондай-ақ «Айқап» журналында және «Алаш» газетінде жарық көрген мақалаларды талқыға салғаны туралы сөз қозғалған. Мақала авторы Исатай және Махамбет бастаған көтеріліске қатысушы халық ақыны Шернияздың өмірі мен қызметіне арналған «Шернияз» повесіне баға берген. Алаш қозғалысына белсенді атсалысқан осынау бірегей тұлғаның шығармаларын болашақта барынша тереңірек зерттеу қажеттігі негізделген.

Кілт сөздер: жазушы, ұстаз, оқу-білім, қоғамдық-әлеуметтік, мақала, құжат, тәрбие, халық жауы, есіл азамат.

Kipicne

«Абай» журналын шығарушылардың бірі, «Алаш» партиясының мүшесі, жазушы әрі ұстаз, 1937 жылы опат болған Сейітбаттал Мұстафин бұрынғы Көкшетау облысының Еңбекшілдер ауданына қарасты үшінші ауылда 1892 жылы өмірге келген. Ол өз кезеңінің алдыңғы қатарлы ойы озық, білімі кемел дария азаматы еді.

Ауылда мұсылманша хат таныған соң, 1908–1913 жылдары Стамбул қаласындағы мұғалімдер даярлайтын семинарияда оқыған. 1913 жылы семинарияны тәмамдап, Семей қаласына келген. Қазақ елінің іргелі де өркениетті мемлекет болуы оқу мен білімге тәуелді екендігін ерте сезінген ол мектепте сабақ беруге ден қойған. Сондай-ақ «Алаш» партиясы ұйымдастырған курстар жұмысын жандандыруға жан сала кірісіп, қазақ тілі мен физика пәндерінен дәріс оқыған.

Жазушы Т.Қажыбайдың «Алаштың аяулы азаматы» атты мақаласында мынандай қызықты дерек келтірілген: «Біздің қолымызда сол жылдардағы, дәлірек айтсақ, 1918 жылдың 31-қазан айындағы бір

маңызды құжат бар. Ол «Представление Областного киргизского (казахского) учительского бюро в Областную земскую управу Постановления о программе курсов, открываемых в г. Алаш, и назначении преподавателем курсов Каныша Сатбаева» деп аталады.

Осы құжатта Қанышпен бірге Маннан Тұрғынбаев, Сейітбаттал Мұстафиндер де курсқа сабақ беруге бекітілгендігі айтылған. Мәселен, М.Тұрғынбаев уақытша курс жетекшісі әрі арифметика, гигиена, ислам тарихы, діни оқу пәндерінен сабақ беруге белгіленсе, Сейітбаттал Мұстафин қырғыз (қазақ) тарихы, физика пәндерінен, ал Қаныш Сәтбаев география, жалпы тарих, зоология, анатомия пәндері бойынша сабақ беруге бекітілген.

Ал 1918 жылдың 1-қараша күнгі құжатта 2 жылдық педагогикалық курсқа Қаныш Сәтбаев пен Сейітбаттал Мұстафиннің мұғалім болып бекітілгендігі жөнінен хабардар боламыз.

Осынау аса құнды құжаттарда халқымыздың болашақ ұлы ғалымы Қаныш Сәтбаевпен бірге Сейітбаттал Мұстафиннің де халыққа білім беруден басталған жарқын еңбек жолының іздері сайрап жатыр» [1; 88].

1918 жылы 31-қазан күні қол қойылған құжаттан келесідей қорытынды жасауға болады: өз кезеңінің озық ойлы, білімді азаматы болған С.Мұстафин Қазақстанның өркениетті іргелі елге айналуы үшін ең алдымен оқу-білім қажет екендігін терең түсінген.

С.Мұстафиннің қоғамдық-әлеуметтік жұмыстарға белсене қатысуы

Семейде С.Мұстафин Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытовпен бірге «Абай» журналын шығарысқан. Сонымен қатар автор ретінде белсене араласып, нөмір құрғатпай танымдық, тәрбиелік бағытта мақалалар жариялап тұрған.

Сондай-ақ ол өз кезінде шығып тұрған «Айқап» журналы, «Алаш» газетінің де жұмысына жиі араласып, қалам тартып отырған. Оған осы басылымдарда жарық көрген «Стамбулға саяхат», «Көшу турасында», «Бұрынғыны айтпай соңғы еске түспейді», «Қалың малдан пайда бола ма?» деген сан алуан тақырыптағы мақалаларын мысалға алуға болар еді.

С.Мұстафиннің тағы бір еңбегі — қазақтың ауыз әдебиетінің үлгілерін, әсіресе Төле би, Қали би, Орынбай, Өскен, Шортанбай сияқты ірі шайырлардың өлең-жырларын, өсиет сөздерін, қолжазбаларын жинастыруы. Өкініші сол — «халық жауы» деп қамауға алынғанда, осынау асыл мұралар жоғалып кеткен.

Сейітбаттал түріктің «Көксанжақ» атты романын қазақ тіліне аударған. Қазақстан Ғылым академиясының қолжазбалар және сирек кітаптар қорында оның Қазан шаһарында басылып шыққан «Зуфнун» атты романы табылып отыр [1; 90].

Сейітбаттал «Шернияз» деген повесть жазған. Жазушының бұл еңбегі халық ақыны Шернияз Жарылғасұлына арналған. Ол 1836–1837 жылдары Исатай, Махамбет бастаған шаруалар көтерілісіне қатысып, оның жалынды жыршыларының бірі болған. «Па, шіркін, Исатайдай сабаз тумас», «Ақ алмас алтын сапты, қылышым-ай», «Исатай ел еркесі, ел серкесі», «Ай, Қазы би, Қазы би...», «Тостағанды қолға алып», «Ай, жігіттер», «Сөз сөйлеймін бөлмелеп», «Көл қылып, құдайым, талай судай ағын», т.б. өлеңдері бар [2]. Мұстафиннің бұл шығармасы 1925 жылы Мәскеуде басылып шыққан. Семей қаласының мұрағатында С.Мұстафин «Қазақ мұғалімдері одағының төрағасы» болған деген құжат сақталып қалған [3].

Сейітбаттал 1922–1925 жылдары Көкшетау қаласында халыққа білім беру бөлімінде қызмет атқарды. 1925–1930 жылдары Қызылжар қаласындағы педагогикалық техникумда ұстаздық етті. Осы тұста ол Сәбит Мұқанов, Жақан Сыздықов, Серкебай Бекмұхамедов (әнші Ермек Серкебаевтың әкесі), т.б. кісілермен араласты.

Әдебиетіміздің көрнекті өкілдері санатындағы ғалым Есмағамбет Ысмаилов, драматург Шахмет Құсайыновтар Сейітбаттал Мұстафин сияқты табиғатымен туа біткен ірі ұстаз, тамаша әдебиетшіден дәріс алады. Оның туған халқына адал қызмет етуге ұмтылып тұрар жарқын тұлғасынан, іс-әрекетінен өнеге емеді.

С.Мұстафиннің «Архимедтің өнері» деген танымдық мақаласы туралы

С.Мұстафин «Абай» журналын жай ғана шығарушылардың бірі емес, белсенді авторы да болған. Мәселен, 1918 жылғы журналдың № 7 санында жарық көрген Сейітбатталдың «Архимедтің өнері» деген танымдық мақаласында [4] ұлы ғалымның өмірі мен ғылыми жаңалықтары терең талданып жазылған: «Бұрынғы заманда Архимед деген ғалым болған. Ғалым терең ой, кең ақылының арқасында көп жаңа ғылымдар тапқан. Бұдың қуатын жұрттың бәрінен бұрын табушы Архимед...

Архимедтің ғылымға ынта салуы сонша, бір нәрсені істеп ойлаған кезде тамақ жеуді ұмытып кетеді екен. Соғыс болып Архимед тұрған қаланы жаудың әскері келіп ала бастағанға шейін білмеген. Жау ғаскері шаһарды талап жүріп Архимедтің үйіне келіп кірсе, Архимед көп сызық сызып бір мәселені таппақшы болып жатыр екен. Кенеттен жаудың ғаскері келіп кірген уақытта «сызықтарымды бұзба» деп айғай салады; жанын аман сақтаумен ісі де болмайды. Көзсіз надан ғаскер Архимед екенін неғылсын, өлтірген де тастаған».

Жазушының осы шығармасында патша берген алтыннан ұрлап алып қалған зергердің қулығын ашудағы Архимед даналығын сөз етер тұсы әрі қызғылықты, әрі танымдық жағынан құнды: «Архимед заманында бір патша өзінің алтын, күмісін істейтін ұстасына пұт (табынатын) жасатпақшы болып, он тоғыз қадақ алтын берген. Патшаның қызметінде болған адамдар әр уақыт ұрлық қылатынын патша сезеді екен. Пұт істеліп болған соң, берілген алтын түгел істелді ме екен деп патша шүбәланып білгісі келеді. Атақты ғалым Архимедті шақырып алып, пұттың ішінде таза алтын қанша, қоспа нәрсе қанша екенін айыруға бұйырды.

Архимед жатса да, тұрса да ойлайды, таба алмай жүреді. Бір күні моншада отырғанда бұл жұмбақты ойлап табады да, қуанғаннан киімін киюді ұмытып тырдай жалаңаш: «Таптым, таптым!» — деп көшеге шығып кеткен. Моншада отырып табуға себеп болған нәрсе мынау: шомылатын астауға түскен соң, су асып астаудан төгілген. «Су мен түспей тұрғанда неге төгілмеді; мен ішіне түскен соң не үшін төгілді?» деп ойлады. Ойлап, ойлап һәрбір ауырлығы бар нәрсені суға салса судың орнын алып қойып, су төгілетіні сол екен. Онан соң ауырлығы бірдей нәрсенің үлкендігі бірдей бола бермейді һәм қарсы: үлкендігі бірдей нәрсенің ауырлығы бірдей болмайды. Мысалы: бір мысқал қорғасын мен бір мысқал мұздың үлкендігі бірдей емес. Сумен толып тұрған стаканға бір мысқал қорғасын салсаң, су аз төгіледі, бір мысқал мұзды стаканға салсаң, су көп төгіледі. Алтын мен қоспаның ауырлығы он тоғыз қадақ еді. Архимед 19 қадақ нағыз таза алтын алып толған сауытқа салды. Асып төгілген суды 8 рет өлшеді. Бұдан соң пұттың өзін толған сауытқа салып асып төгілген суды өлшеп еді. Таза алтын салғанда төгілген судан пұтты салғандағы төгілген су көп шықты. Бұдан байқады, пұт нағыз таза алтыннан істелмеген екен. Ұста патшаның алтынын ұрлап қалған, бірақ бұны табады деп ойына келтірмеген».

Сейітбаттал Архимедтің «Табан тірейтін нокта бер, жерді көтерейін» деген айтулы пікірін алға тартып отырып, ғалым ашқан ғылыми жаңалықтарды түсіндіреді әрі өзі де шәкірттерге физикалық заңдылықтардың кейбір тұстарын мысалға алады.

«Бір стаканға сынап, су, керосин үшеуін құйсаңыз, астында сынап, ортада су, үстінде керосин. Ең ауыры сынап, ең жеңілі керосин» деп әр заттың физикалық қасиеттерін салыстырмалы түрде тәптіштей талдап берген. Екінші бір мысалында «Үш сауыт алсаң, біріне ертіп тұзды су құйылса, екіншісіне нағыз таза су құйылса, үшінші сауыттың дәл ортасына шейін тұзды су құйылып, қалған жартысына тұзды суға араластырмай ақырын үш сауытқа үш жұмыртқа салынса, қай сауыттағы суға жұмыртқа батар еді, қай сауытта қалқып батпай тұрар еді деп білесіздер?» деп сауал қойып алады да, өзі түсіндіріп береді және оның себептерін физикалық заңдылыққа сүйене отырып, талдайды. Түсіндірмесі ұғынықты, кез келген шәкірт зердесіне қонар қарапайым тілмен жеткізеді.

Сонымен, С.Мұстафин осы құнды еңбегінде қазақ жастарын оқу мен білімге шақырады. Ол өмірдің тетігі білімде деп үндейді.

Сейітбатталдың «Қалай көндіру керек?» деген педагогикалық мақаласының маңызы

Мағжан Жұмабаев — қазақтың кемеңгер ұлт ақыны. Ұлтының бақыты үшін өз бақытын құрбандыққа шалғандардың бірі. Қынаптағы семсердей, халқының игілігіне не істеуге жұмсаса да даяр болған. Мен ақынмын, көкте жүзуім керек демей, қазақты оятуға сөзбен ғана емес, іспен кіріскен. Ол, бір жағы, ұстаздары, бір жағы, әріптестері Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дулатов біреуі тіл маманына айналып кетсе, біреуі бір қолымен роман, бір қолымен есеп оқулығын жазса, Мағжан ұстаздық етумен шұғылданған, оның үстіне оқу-әдістемелік құралдарын жазған. Қазақстанда сауатсыздықты жою үшін Мағжан жазған «Педагогика» («Баланы тәрбие қылу құралы») атты әрі оқулық, әрі методикалық сипатты кітабы ақынның көзі тірісінде екі мәрте жарық көрген [5].

С.Мұстафин кезінде М.Жұмабаевпен етене жақын танысып, рухтас, ниетпес күн кешкен. Кемеңгер ақынның жауһар жырларынан өзінің әсершіл әсем жанына шуақ жинаған. Сондықтан да «Абай» журналының 1918 жылғы № 4 санында жарияланған С.Мұстафиннің «Қалай көндіру керек?» деген мақаласынан [6] оның Мағжанның «Педагогикасымен» үндесіп жатар тұстарын аңғарамыз:

1. «Екі жолмен тәрбие қылушылардың пікірі — балаға қатты тию салып һеш уақытта өз еркіне жібермей, теріс ісіне ылғи жаза салып отыру керек дейді. Әр кез бала осы жолмен тәрбие қылынса, бұзақылық мінезіне, жүріс-тұрысына тоқтау салса, рух сипаттары қуаттанып, ақыл мінезі түзеледі. Бұл пікір, бір жағынан теріс сияқты да емес. Себебі бала буыны қатып, бойы өспеген, ақылы ержетпеген уақытта тіпті өз еркіне қоя берілсе, ол бала, тентек, бұзақы болып рух қуаты өспей, далдұқ-дұлдық, жаңғалақ жеңіл ойлы болатыны да рас. Бірақ бұл таршылық жолмен ұстаудан үлкен залалдар шығады. Бала ылғи қысымшылық көріп, өз бетімен һешбір нәрсе істей алмайтындығына, істеген ісіне ылғи жапа көретіндігіне көзі жетсе, бойдағы мағнауи қуаты сынады. Олай болса, һеш нәрсені басқарып істей алмайды. Ойлай алмайды», — деп бала тәрбиесінде өте маңызды мәселелер төңірегінде өз пікірін білдіреді.

2. Ойшыл ұстаз баланы «таршылық жолмен ұстаудан үлкен залалдар шығады» деген пікірін алға тарта отырып, оның салдарын сөз етеді. «Баладан табандылық, талаптылық, жігер сөнөді; өзінің үздік қасиетін жояды. Сондықтан балаға қай жолмен болсын еркіндік беру керек», — деп орынды тұжырым жасайды.

3. Тағы бір тұста автордың: «Баланың жүріс-тұрысын, ойы ашылысына, өз еркіне жіберілмесе, жалғыз тілегі (көңілі) сөнбейді, бүкіл рухы сөнөді. Жалғыз денесі тәрбиеленіп, рухты тәрбие қылынбаса, онда баланың тәрбиесі сыңаржақ болмақ. Баланы қорқыту, жазаландыру қате. Баланы өтірікші қылмау үшін өтіріктің өзі жаман мінез екенін ұқтыру керек. Жазадан қорқып, өтірік айтатын бала, өтірік айтпай тұрмайды. Себебі ол бала қорыққанда ғана өтірік айтпайды, қорықпайтын жерде өтірікті оңдап айтады. Олай болса, тиюдан бұрын тыйлатын нәрсенің жаман екенін, көндіруден бұрын не үшін көну керек екендігін түсіндіру керек. Еркін өмір сүру — біреудің еркіндігіне бөгет болмау деп ұқтыру керек», — деген тұжырымдамасы бүгін де өзінің өміршең өткірлігімен маңызды.

4. «Зорлап істеткен нәрсе баланың адамшылығын, қасиетін, мағнауи қуатын жояды», — деген автор пікірі де назар аударарлық.

5. Бала тәрбиесі жайлы сан тарау пікірлерін түйіндей келіп, педагог С.Мұстафин: «Балаға жақсы тәрбие беру үшін әуелі тәрбиеші (ата-ана, мұғалім, замандас) өзін түзету керек. Қазақтың: «Үлгісі жаман, көргені жаман» дейтіні бала көргенінен ғана тәлім алатындықтан, айтылған тәжірибе», — деген құнды ой қорытындылайды.

Ұстаздық бағытта жазған осы еңбегінде бала тәрбиесі, шәкірт парасаттылығы деген ұғым-түсініктерге автор шынайы педагогтік, тәлімді тәрбиешілік тұрғыдан қараған.

Түйін

Қызылжар қаласындағы ұлт зиялыларына таянған тықыр, тергеу, тексеру әрекеттері Сейітбаттал Мұстафинге де маза бермегенге ұқсайды. Содан да болар ол Қызылжардағы қызметін тастап 1930–1932 жылдары туған жерінде (Казгородокта), ал 1933–1937 жылдары Степняк қаласында мұғалім болады [7].

Өкінішке орай, НКВД-нің құрығы тым ұзын еді. Ол 1937 жылдың 25-сәуірі күні тұтқындалады да, аты-шулы «үштіктің» шешімімен «халық жауы», «Алашорда партиясының үгітшісі әрі мүшесі» ретінде ату жазасына кесіледі. 1937 жылдың 11-қыркүйегінде шығарылған үкім 16-қыркүйек күні Қызылжар қаласында жүзеге асырылады.

«Халық жауының» әйелі, қызы деген қаңқу сөздер, күдік іздеген ізшіл иттей сумаңдаған ғайбаттаулар 45 жасында жазықсыз жаладан мерт болған Сейітбаттал Мұстафиннің артта қалған шаңырағына оңай тимеген. Жары Үміш Аипова Санкт-Петербург университетінің заң факультетін бітірген көрнекті маман, Алашорда үкіметін құрушылардың бірі Райымжан Мәрсековтың немере қарындасы. Әкесі Айып та Алашорда мүшесі болған әрі Райымжанның ағасы еді. Үміш орыстың әйелдер гимназиясын бітірген жоғары сауатты ұстаз болды. Алайда күйеуін «халық жауы» ретінде ұстап әкеткеннен кейін Үміштің де басына қара бұлт орнады. Қызметінен қуылды. Жалғыз қызы Нәдияны арқалап әр жерде үзіп-жұлып дегендей еңбек етті. Көзтүрткі болып қорлық көрді...

Кезінде «Алашым» деп атқа қонып, халқының тәуелсіз туы желбіреген жасампаз, жарқын күнін көксеумен өткен, ерте оянып, тым ерте елеңдеген есіл азамат Сейітбаттал Мұстафинге тағылған айыптың негізсіздігін 1958 жылдың 28-желтоқсаны күнгі өз шешімінде Көкшетау облыстық сот атап көрсетті. Бұл да болса, Сейітбатталдың артта қалған ұрпақтары, жалғыз қызы Нәдия үшін медет, дәтке қуат еді [1; 90,91].

Қазақ халқы егемендік алғаннан бері сең сөгілді. Тарих ақтаңдағындай көп көңілімен көмескіленіп келген Сейітбатталдай аяулы азаматының артта қалған әдеби, педагогикалық еңбектеріне етене араласар уақыт та келді.

Тек С.Мұстафин жүріп өткен жол, жазып қалдырған еңбектер ізіне түсер тағылымды іс-әрекет керек. Келешекте өзінің еңселі ерін елі де, ерке желі де, асқар белі де ұмытпаса керек. Сөз жоқ, ұмытпайды!

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қажыбай Т. Алаштың аяулы азаматы // Жұлдыз. — 2000. — № 11. — 88–91-б.
- 2 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. — Алматы: «Аруна Ltd», ЖШС, 2005. — 554-б.
- 3 Батталқызы Н. Сейітбаттал Мұстафаұлы. Шернияз ақын // Жұлдыз. — 2003. — № 4. — 164–165-б.
- 4 Мұстафа С. Архимедтің өнері («Абай»). — 1918. — № 7 // Жұлдыз. — 2003. — № 4. — 169–170-б.
- 5 Жұмабаев М. Педагогика. — Алматы: Ана тілі, 1992. — 6-б.
- 6 Мұстафа С. Қалай көндіру керек? («Абай»). — 1918. — № 4 // Жұлдыз. — 2003. — № 4. — 166–167-б.
- 7 Алаш. Алашорда: Энциклопедия / Құраст.: Ф.Әнес, С.Смағұлова. — Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. — 252-б.

Р.С.Каренов

Жизнь и творческая деятельность неугомимого борца за независимость казахского народа Сеитбаттала Мустафина

В статье описана жизнь и деятельность педагога, писателя Сеитбаттала Мустафина, члена партии «Алаш». Особое внимание акцентировано на его учебно-педагогической работе. Раскрыта его роль в создании журнала «Абай», проанализированы статьи, опубликованные им на страницах этого журнала, а также на страницах журнала «Айкап» и газеты «Алаш». Автором дана оценка повести «Шернияз», посвященной жизни и деятельности народного поэта Шернияза, принимавшего участие в восстании под предводительством Исатая и Махамбета. Обоснована необходимость более углубленного изучения в будущем творчества этой незаурядной личности, принимавшей активное участие в Алашском движении.

R.S.Karenov

Seitbattal Mustafin, with alarm connected in fight for independence of the Kazakh people

Life and activity of the party member «Alash», the teacher, writer Seitbattal Mustafin are described. The special attention is focused on its educational and pedagogical work. Its role in «Abyay» magazine creation is emphasized, articles published by it on pages of this magazine, and also on Aykap magazine and «Alash» newspaper pages are analyzed. Value of the story «Sherniyaz» written to them devoted to life and activity of national poet Sherniyaz, taking part in revolt under leadership of Isataya and Makhambeta is marked out. Need of more profound studying for the future of creativity of this uncommon personality taking active part in Alashsky movement locates.

References

- 1 Kazhybay T. Zhuldyz, 2000, 11, p. 88–91.
- 2 Kazakh literature. Encyclopedic Reference, Almaty LLP «Arun Ltd», 2005, p. 554.
- 3 Battalkyzy N. Zhuldyz, 2003, 4, p. 164–165.
- 4 Mustafa S. Zhuldyz, 2003, 4, p. 169,170.
- 5 Zhumabaev M. Pedagogy, Almaty: Ana tili, 1992, p. 6.
- 6 Mustafa S. Zhuldyz, 2003, 4, p. 166–167.
- 7 Alash. Alashorda: Encyclopedia / Compiled G.Anes, S.Smagulova, Almaty: Publ. House «Aris», 2009, p. 252.